

Ішкі істер органдарына алғаш кіретін адамдар үшін тәлімгерлікті ұйымдастыру қағидалары мен мерзімдерін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2022 жылғы 14 қарашадағы № 896 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 16 қарашада № 30549 болып тіркелді.

"Құқық қорғау қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабының 8-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Ішкі істер органдарына алғаш кіретін адамдар үшін тәлімгерлікті ұйымдастыру қағидалары мен мерзімдері бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі комитеттерінің төрағалары, полиция, қылмыстық-атқару жүйесі департаменттерінің, білім беру ұйымдарының, дербес бөлімшелерінің және ведомстволық бағыныстағы мекемелерінің бастықтары жеке құрамның осы Қағидаларды зерделеуін ұйымдастырсын және орындауға қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Идеологиялық және имидждік жұмыс департаменті (А.С. Махамбетова) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) Осы бұйрықты алғашқы ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) Осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі*

М. Ахметжанов

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі
2022 жылғы 14 қарашадағы
№ 896 бұйрығына
қосымша

Ішкі істер органдарына алғаш кіретін адамдар үшін тәлімгерлікті ұйымдастыру қағидалары мен мерзімдері

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Ішкі істер органдарына алғаш кіретін адамдар үшін тәлімгерлікті ұйымдастыру қағидалары мен мерзімдері (бұдан әрі – Қағида) "Құқық қорғау қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабының 8-тармағына сәйкес әзірленді.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) тәлімгер – ішкі істер органдарына алғаш кіретін адамға (бұдан әрі – ПО-ға алғаш кіретін адам) бекітілетін және оның кәсіби бейімделуіне оған практикалық көмек көрсететін ПО-ның қызметкері;

2) ПО-ға алғаш кіретін адамдарды кәсіби бейімдеу – ПО-ға алғаш кіретін адамның кәсіби дағдыларды игеруі, ұйымдық (корпоративтік) мәдениетке қосылуы, ПО-ға қызметке бейімділікті қалыптастыру процесі.

2-тарау. Тәлімгерлікті ұйымдастыру тәртібі мен мерзімдері

3. Ішкі істер органдарына алғаш кіретін адамдарға ішкі істер органдарының тиісті кәсіптік даярлығы және айтарлықтай жұмыс тәжірибесі бар қызметкерлері қатарынан тәлімгер бекітіледі.

Бұл ереже аға және жоғары басшы құрамдар лауазымдарына алғаш кіретін адамдарға қолданылмайды.

4. Қызметкерді тәлімгер ретінде бекіту ПО уәкілетті басшысының бұйрығымен алты ай мерзімге жүргізіледі.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 21.05.2024 № 418 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Қызметкерді тәлімгер ретінде бекіту үшін ПО-ға алғаш кіретін адамның тікелей басшысының баянаты негіз болып табылады.

6. Бір тәлімгерге екіден артық емес ПО-ға алғаш кіретін адам бекітіледі.

7. ПО-ға алғаш кіретін адамның жеке басын зерделеу үшін тәлімгер осы Қағиданың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша карточка ашады.

8. Тәлімгер бекітілгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде ПО-ға алғаш кіретін адамды тәлімгерлік кезеңінде бейімдеу жоспарын (бұдан әрі – Бейімдеу жоспары) осы Қағиданың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша әзірлейді, оны ПО-ға алғаш кіретін адам қызмет ететін құрылымдық бөлімшенің басшысы бекітеді.

9. Тәлімгер:

1) ПО-ға алғаш кіретін адамның бейімделу жоспарын орындауына күнделікті бақылауды жүзеге асырады;

2) ПО-ға алғаш кіретін адамға таңдаған мамандығын меңгеруге көмек көрсетеді, оған функционалдық міндеттерін, оларды сапалы орындау тәсілдері мен әдістерін түсіндіреді, жіберілген қателіктерді бірлесіп талдайды және жояды;

3) жеке өзінің іс-әрекеті арқылы ПО-ға алғаш кіретін адамның жағымды қасиеттерін, кәсіби дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді;

4) ПО-ға алғаш кіретін адамды ұжымның қоғамдық өміріне белсенді қатысуға, салауатты өмір салтын ұстануға, жалпы мәдени және кәсіби ой-өрісін дамытуға тартады, патриотизмге баулыды;

5) ПО-ға алғаш кіретін адамның моральдық, іскерлік және кәсіби қасиеттерін, оның қызметке, ұжымға қатынасын зерделейді;

6) ПО-ға алғаш кіретін адамның моральдық-психологиялық тұрақтылығын және жеке тәртіптілігін нығайтады, олардың тәртіп пен заңдылықты бұзуына жол бермеу бойынша шаралар қабылдайды;

7) ПО-на алғаш кірген адамдардың кәсіби қалыптасуына қосқан елеулі үлесі үшін тәлімгер "Құқық қорғау қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 55-бабына сәйкес көтермеленеді.

Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 21.05.2024 № 418 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. ПО-ға алғаш кіретін адам:

1) өзіне берілген тапсырмаларды, сондай-ақ бейімдеу жоспарында көзделген іс-шараларды сапалы және уақтылы орындайды;

2) тәртіпті, заңдылықты және нысанды киім киюді сақтайды;

3) ұжымның қоғамдық өміріне белсенді қатысады;

4) тәлімгерден жұмыстың тиімді нысандары мен әдістерін қабылдайды;

5) әріптестерімен, азаматтармен сыпайы және әдепті қарым-қатынаста болады;

6) кәсіби деңгейін арттыру бойынша жұмыс істейді.

11. Тәлімгерлік аяқталғаннан кейін тәлімгер үш жұмыс күні ішінде ПО басшысына ПО-ға алғаш кіретін адамға пікір ұсынылады, онда Бейімдеу жоспарының орындалу нәтижелері, оның кәсіби білімінің, іскерлігі мен дағдыларының деңгейі, қызметтік міндеттерін өз бетінше орындау қабілеті көрсетіледі.

12. Тәлімгерлік аяқталғаннан кейін карточкалар кадр қызметінің номенклатуралық істерінде сақталады (сақтау мерзімі үш жыл), ал тәлімгердің пікірі мен Бейімдеу жоспары ПО-ға алғаш кіретін адамның жеке ісіне тігіледі.

13. Тәлімгерді ауыстыру ПО уәкілетті басшысының бұйрығымен мынадай жағдайларда жүргізіледі:

1) ПО-нан тәлімгерді жұмыстан шығару;

2) Тәртіптік жазамен атқарып отырған лауазымнан босату;

3) Тәлімгерді ІО-ның басқа бөліністеріне немесе өзге де ведомстволарға ауыстыру (іссапарға жіберу);

4) Тәлімгерді қызмет ерекшеліктерінің өзгеруіне байланысты басқа лауазымға ауыстыру;

5) Елеулі теріс қылықтары үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылған жағдайда.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 21.05.2024 № 418 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Тәлімгерлік қызметін ұйымдастыру ІО кадр қызметіне жүктеледі, олар тәлімгерлікті ұйымдастырудың оң тәжірибесін зерделейді және жинақтайды, бұл жұмысты жетілдіру туралы ІО басшысына ұсыныстар енгізеді.

15. Бөлініс бастығы ай сайын тәлімгердің қызметіне есептік бақылау жүргізеді:

1) ІО-ға алғаш кіретін адамның қызмет барысындағы және тұрмыстық қатынастардың түрлі мәселелері бойынша тәлімгерді тыңдайды;

2) тәлімгерге оқытуды ұйымдастыруда, тәлімгерлік жұмыстың оң тәжірибесімен алмасуда және таратуда әдістемелік және тәжірибелік көмек көрсетеді;

3) тәлімгер мен ІО-ға алғаш кіретін адам арасындағы жанжалды жағдайларды, қызметтік жағдайды теріс пайдалану, қызметтік тәртіпті бұзу, қызметте, тұрмыста, қоғамдық орындарда лайықсыз мінез-құлық көрсету фактілерін қарайды.

Ескерту. Қағидалар 15-тармақпен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 21.05.2024 № 418 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ішкі істер органдарына
алғаш рет қабылданған адамдар
үшін тәлімгерлікті ұйымдастыру
қағидалары мен мерзімдеріне
1-қосымша

Нысан

ІО-ҒА АЛҒАШ КІРЕТІН АДАМҒА АРНАЛҒАН КАРТОЧКА

лауазымы _____

тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) _____

бөлініс

Тәлімгер туралы мәлімет

Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) _____

Атағы _____

Лауазымы _____

Білімі _____

ПО-да _____

Осы лауазымда _____

ПО-ға алғаш кіретін адам туралы ақпарат
Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) _____

Лауазымы _____

ПО бастығының тәлімгерді бекіту туралы бұйрығы _____ 20_____ жылғы " _____

№ _____
Алғашқы кәсіптік даярлықтан өтуі _____

(қайда, қашан)

ПО-ға алғаш кіретін адамды психологиялық тексеру нәтижелері _____

(ӘДК қорытындысы бойынша)

ПО-ға алғаш кіретін адамның жеке басын зерделеу нәтижелері

Туған күні _____

Туған жері _____

Ұлты _____

Білімі (қай оқу орнын қашан бітірді, оқып жатыр) _____

ҚК қызметі _____

—
ПО-ға қызметке кіру күні _____

—
Қандай көтермелеулері бар және не үшін

—
Қандай жазалары бар және не үшін

—
ПО-ға кіргенге дейін қайда жұмыс істеді

—
Қандай жазалары бар _____

—
Тұрғылықты жері (мекенжайы, үй телефоны) _____

—
Тұрғын үй-тұрмыстық жағдайы

—
Отбасы жағдайы (үйленген, бойдақ, ажырасқан) _____

—
Жақын туыстары (ТАӘ, (бар болған жағдайда), туған күні, мекенжайы, жұмыс немесе

оқу орны):

Әйелі (күйеуі) _____

—
Балалары _____

Әкесі _____

—
Анасы _____

—
Ағасы _____

—
Әпке-қарындасы _____

—
Отбасындағы қарым-қатынас

Жұмыстағы және тұрғылықты жердегі жақын достары

Қызығушылығы

Жеке автокөліктің болуы (маркасы, мемлекеттік нөмірі)

Жеке меншігінде атыс қаруының болуы (қарудың түрі, нөмірі)

Ішкі істер органдарына
алғаш рет қабылданған
адамдар үшін тәлімгерлікті
ұйымдастыру қағидалары
мен мерзімдеріне
2-қосымша

Нысан

"КЕЛІСІЛДІ"
ПО бастығы (командирі)

20 __ жылғы " __ " _____

ПО-ға алғаш кіретін адамды тәлімгерлік кезеңінде бейімдеудің жоспары

Ескерту. 2-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 21.05.2024 № 418 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Құрылымдық бөлініс

Лауазымы _____

Тәлімгерліктің басталу күні _____

Тәлімгерліктің аяқталу күні _____

Тәлімгердің тегі, аты, әжесінің аты (болған жағдайда), лауазымы, атағы _____

№ р/с	Іс-шараның атауы	Жоспарланған кезең	Орындалуы туралы белгі
1			
2			
3			
4			
5			
6			
7			
8			
9			
10			

Ескертпе: жоспарланған іс-шаралар ПО-на алғаш кіретін адамды кәсіптік бейімдеуде практикалық көмек көрсетуге бағытталған.

Тәлімгер _____

(лауазымы, атағы, Т.А.Ә., (болған жағдайда), қолы)

Таныстым:

ПО-ға алғаш кіретін адам _____

(лауазымы, Т.А.Ә., (болған жағдайда), қолы)

20 __ жылғы " ____ " _____